

2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 21-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 21 желтоқсанда № 5451 болып тіркелді. Күші жойылды -Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 18 наурыздағы № 33-19 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 18.03.2020 № 33-19 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 155 702 433 мың теңге:

салықтық түсімдер – 40 856 772 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 1 914 822 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 20 536 мың теңге;

трансферттер түсімі – 112 910 303 мың теңге;

2) шығындар – 156 429 643 мың теңге:

3) таза бюджеттік кредиттеу – 11 315 706 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 17 089 679 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 5 773 973 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 385 392 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 385 392 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -12 428 308 мың теңге:

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 12 428 308

мың теңге:

қарыздар түсімі – 16 839 679 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 5 194 404 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 783 033 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 22.11.2019 № 31-2 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. 2019 жылға арналған облыстық бюджет түсімдері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 30 қарашадағы "2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына сәйкес және осы шешімнің 4, 5, 6, 7-тармақтарына сәйкес қалыптастырылады.

3. Қазақстан Республикасының "2019-2021 жылдарға арналған Республикалық бюджет туралы" Заңының 6, 8, 10, 11, 13, 14, 15, 26-баптары қаперге және басшылыққа алынсын:

1) 2019 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттердің және кредиттердің түсімі жалпы сомада 62 937 107 мың теңге көлемінде ескерілсін:

төмен ақы төленетін қызметкерлердің жалақысының мөлшерін көтеру үшін олардың салықтық жүктемесін төмендетуге байланысты шығындарын өтеуге – 1 192 971 мың теңге;

азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге – 11 603 824 мың теңге;

ішкі істер органдары қызметкерлерінің сыныптық біліктілігі үшін үстемеақы мөлшерлерін ұлғайтуға – 85 334 мың теңге;

ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге – 582 240 мың теңге;

жол-патрульдік полицияның саптық бөлімшелерінің қызметкерлеріне, учаскелік полиция инспекторларына және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларына тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін өтемақы төлеуге – 12 155 мың теңге;

орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге – 27 709 мың теңге;

бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен педагог-психологтарының еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға – 5 012 832 мың теңге;

медициналық ұйымның жыныстық құмарлықты төмендететін, сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын іс-шараларды өткізуіне – 0 теңге;

жергілікті деңгейде денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға – 92 500 мың теңге;

вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға – 871 116 мың теңге;

саламатты өмір салтын насихаттауға – 87 958 мың теңге;

ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға – 108 295 мың теңге;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге – 4 687 643 мың теңге;

халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге – 119 349 мың теңге;

арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге – 3 670 мың теңге;

үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға – 38 999 мың теңге;

кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге – 17 220 мың теңге;

мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға – 8 948 мың теңге;

мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға – 152 205 мың теңге;

ымдау тілі маманының қызмет көрсетуге – 30 835 мың теңге;

техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар тізбесін кеңейтуге – 112 754 мың теңге;

Spina bifida диагнозымен мүгедек балаларды бір реттік қолданылатын катетерлермен қамтамасыз етуге – 920 мың теңге;

жалақыны ішінара субсидиялауға – 125 957 мың теңге;

жастар практикасына – 434 805 мың теңге;

ақпараттық жұмысқа – 1 953 мың теңге;

NEET санатындағы жастарға және табысы аз көпбалалы отбасыларға, табысы аз еңбекке қабілетті мүгедектерге жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік гранттарға – 182 810 мың теңге;

жаңалық телебағдарламаларының трансляциясын сурдоаудармамен сүйемелдеуді қамтамасыз етуге – 8 434 мың теңге;

көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға – 6 988 156 мың теңге;

мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен сілтегіштерін орнатуға – 779 мың теңге;

агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялауға – 63 050 мың теңге;

ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға – 2 196 616 мың теңге;

инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге – 2 657 828 мың теңге;

орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ауылдық жерде жұмыс істейтін азаматтық қызметшілерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге – 61 281 мың теңге;

ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға – 282 902 мың теңге;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға – 2 010 000 мың теңге;

спорт нысандарын дамытуға – 750 000 мың теңге;

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға – 3 876 837 мың теңге, оның ішінде: әлеуметтік-осал топтар үшін тұрғын үй салуға – 2 330 708 мың теңге; аз қамтылған көпбалалы отбасылар үшін тұрғын үй салуға – 1 546 129 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға – 2 122 669 мың теңге;

елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға – 3 506 003 мың теңге;

сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға – 593 222 мың теңге;

газ тасымалдау жүйесін дамытуға – 1 029 696 мың теңге;

көлік инфрақұрылымын дамытуға – 858 080 мың теңге;

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға кредит беруге – 1 613 475 мың теңге;

облыс орталықтарында, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Семей қалаларында және моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беруге – 597 320 мың теңге;

нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беруге – 4 014 528 мың теңге;

жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беруге – 1 330 648 мың теңге;

мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге – 505 013 мың теңге;

аз қамтылған көп балалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алуға – 553 871 мың теңге;

"Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беруге – 45 000 мың теңге;

"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға – 1 206 748 мың теңге;

"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға – 14 764 мың теңге;

индустриялық инфрақұрылымды дамытуға – 15 000 мың теңге;

шағын және моноқалалардағы бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға – 440 185 мың теңге;

2) 2019 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық Қордан бөлінетін нысаналы трансферттердің және кредиттердің түсімі жалпы сомда 4 607 506 мың теңге көлемінде қарастырылсын:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге – 1 425 210 мың теңге;

жастарға және табысы аз көпбалалы отбасыларға, табысы аз еңбекке қабілетті мүгедектерге жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін гранттарға – 419 150 мың теңге;

еңбек нарығында сұранысқа ие біліктіліктер мен дағдылар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға – 778 476 мың теңге;

жұмысшы біліктіліктері бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға стипендия мөлшерін ұлғайтуға – 106 124 мың теңге;

көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балалары үшін жоғары білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға – 28 546 мың теңге;

нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беруге – 1 850 000 мың теңге.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 27.05.2019 № 25-2 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 23.09.2019 № 29-2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.11.2019 № 31-2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

4. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте бюджеттік кредиттердің өтеуін 5 773 973 мың теңге сомасында түсімдер ескерілсін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 22.11.2019 № 31-2 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

5. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте облыстың жергілікті атқарушы органның мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздары шығарылымынан түсетін түсімдер 7 433 708 мың теңге сомасында ескерілсін.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 22.11.2019 № 31-2 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

6. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттерден трансферттедің түсімдері:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізу мерзімін 2018 жылдан 2020 жылға ауыстыруға байланысты – 1 898 732 мың теңге;

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс берушілердің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдары бойынша мөлшерлемелерді азайтуға байланысты – 949 366 мың теңге;

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әлеуметтік сақтандырудың Мемлекеттік қорына әлеуметтік аударымдар бойынша мөлшерлеменің азаюына байланысты – 517 019 мың теңге көзделсін.

Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттерден трансферттердің көрсетілген сомаларының облыстық бюджетке түсімдері Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

7. Жергілікті бюджеттердің теңгерімділігін қамтамасыз ету үшін 2019 жылдың кірістерін бөлу нормативі төмендегі ерекшеліктер кірістері бойынша белгіленсін:

1) төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттерге келесі пайыздарда есепке алынады:

Бөрлі – 20,56%; Орал қаласы – 62,1%; Ақжайық, Бөкей ордасы, Жаңақала, Жәнібек, Бәйтерек, Казталов, Қаратөбе, Сырым, Тасқала, Теректі және Шыңғырлау – 100%;

2) төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттерге келесі пайыздарда есепке алынады:

Бөрлі, Орал қаласы, Ақжайық, Бөкей ордасы, Жаңақала, Жәнібек, Бәйтерек, Казталов, Қаратөбе, Сырым, Тасқала, Теректі және Шыңғырлау – 100%;

3) төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттерге келесі пайыздарда есепке алынады:

Бөрлі –20,56%; Орал қаласы – 62,1%; Ақжайық, Бөкей ордасы, Жаңақала, Жәнібек, Бәйтерек, Казталов, Қаратөбе, Сырым, Тасқала, Теректі және Шыңғырлау – 100%;

4) әлеуметтік салық аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттерге келесі пайыздарда есепке алынады:

Бөрлі – 23,93%; Орал қаласы – 62,1%; Ақжайық, Бөкей ордасы, Жаңақала, Жәнібек, Бәйтерек, Казталов, Қаратөбе, Сырым, Тасқала, Теректі және Шыңғырлау – 100%.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 22.11.2019 № 31-2 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

8. Жергілікті атқарушы органдарға қарасты мемлекеттік мекемелер ұсынатын қызметтер мен тауарларды өткізуден түсетін ақшалар Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі және Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған тәртіпте пайдаланылады.

9. Облыстық бюджеттен 2019 жылы төменгі бюджеттерге берілетін субвенциялар көлемінің жалпы сомасы 36 868 120 мың теңге болып белгіленсін, оның ішінде:

Ақжайық ауданы – 4 938 401 мың теңге;

Бөкей ордасы ауданы – 2 592 177 мың теңге;

Жаңақала ауданы – 2 800 727 мың теңге;

Жәнібек ауданы – 2 489 886 мың теңге;

Зеленов ауданы – 4 423 549 мың теңге;

Казталов ауданы – 4 188 400 мың теңге;

Қаратөбе ауданы – 2 727 394 мың теңге;

Сырым ауданы – 2 994 583 мың теңге;

Тасқала ауданы – 2 535 787 мың теңге;

Теректі ауданы – 4 662 549 мың теңге;

Шыңғырлау ауданы – 2 514 667 мың теңге.

10. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттерге облыстық бюджет қаражат есебінен бөлінетін нысаналы даму трансферттері және ағымдағы нысаналы трансферттердің жалпы сомасы 11 544 968 мың теңге көлемінде қарастырылғаны ескерілсін, соның ішінде:

8 242 254 мың теңге – ағымдағы нысаналы трансферттер;

3 302 714 мың теңге – нысаналы даму трансферттері.

Аталған сомаларды аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттерге бөлу Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 22.11.2019 № 31-2 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

11. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте қарыздарды өтеуге 5 194 404 мың теңге сомасында қарастырылсын.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 22.11.2019 № 31-2 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

12. 2019 жылға арналған облыстық бюджетке төмен тұрған бюджеттерден бюджеттік алымдар қарастырылмайды деп белгіленсін.

13. 2019 жылға арналған облыстың жергілікті атқарушы органдарының резерві 580 753 мың теңге көлемінде бекітілсін.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 22.11.2019 № 31-2 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

14. Облыстың жергілікті атқарушы органының борыш лимиті 2019 жылдың 31 желтоқсанына 42 677 484 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

15. 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен белгіленген мамандар лауазымдарының тізбесіне ауылдық жерлерде қызмет ететін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласының азаматтық қызметшілеріне осы қызмет түрлерімен қалада айналысатын азаматтық қызметшілердің ставкаларымен салыстырғанда лауазымдық жалақыларын 25%-ға көтеру белгіленсін.

16. 2019 жылға арналған жергілікті бюджеттердің атқару үдерісінде секвестрлендіруге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4, 5-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

17. Облыстық мәслихат аппаратының басшысы (А.Сұлтанов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы

нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

18. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

М.Құлшар

Облыстық мәслихат

М.Құлшар

хатшысы

2018 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 21-2 Батыс Қазақстан
облыстық мәслихатының
шешіміне 1- қосымша

2019 жылға арналған облыстық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 22.11.2019 № 31-2 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі)

Санаты				Сомасы , мың теңге
Сыныбы				
Кіші сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	1 55 702 433
1			Салықтық түсімдер	40 856 772
	01		Табыс салығы	14 499 756
		2	Жеке табыс салығы	14 499 756
		03	Әлеуметтік салық	24 037 266
		1	Әлеуметтік салық	24 037 266
		05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	2 319 732
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 834 757
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	484 975
		07	Басқа да салықтар	18
		1	Басқа да салықтар	18
2			Салықтық емес түсімдер	1 914 822
		01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	150 259
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	21 170
		4	Мемлекет меншігінде тұрған, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	116

	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	55 000		
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	73 973		
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	768 848		
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	768 848		
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	995 715		
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	995 715		
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	20 536		
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	20 536		
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	20 536		
4		Трансферттердің түсімдері	112 910 303		
	01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	3 378 292		
	2	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер	3 378 292		
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	109 532 011		
	1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	109 532 011		
Функционалдық топ					
Кіші функция					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
				2) Шығындар	1 56 429 643
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	2 612 731
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	2 112 585
		110		Облыс мәслихатының аппараты	43 171
			001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	43 171
		120		Облыс әкімінің аппараты	1 863 473
			001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 735 370
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	18 227

		007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	6 124
		013	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	103 752
	282		Облыстың тексеру комиссиясы	205 941
		001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	182 597
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	23 344
2			Қаржылық қызмет	194 706
	257		Облыстың қаржы басқармасы	149 543
		001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	148 604
		009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	939
	718		Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	45 163
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	45 163
5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	158 572
	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	158 572
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	153 205
		061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	5 367
9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	146 868
	269		Облыстың дін істері басқармасы	146 868
		001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	80 429
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	12 050
		005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	54 389
02			Қорғаныс	140 081
	1		Әскери мұқтаждар	78 748
	120		Облыс әкімінің аппараты	78 748
		010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	31 939
		011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс	46 809
	2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	61 333
	120		Облыс әкімінің аппараты	1 820
		012	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	1 820
	287		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	59 513
		002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	6 100
		003	Облыс ауқымындағы азаматтық қорғаныстың іс-шаралары	4 460
		004	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	48 953
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	5 805 283

1		Құқық қорғау қызметі	5 805 283
	252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	5 118 640
		001 Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 672 682
		003 Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	3 900
		006 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	442 058
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	686 643
		003 Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	686 643
04		Білім беру	24 589 625
2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	13 168 534
	261	Облыстың білім басқармасы	7 585 713
		003 Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1 260 001
		006 Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	1 113 802
		053 Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	27 709
		055 Балаларға қосымша білім беру	316 970
		078 Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен педагог-психологтарының еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	4 867 231
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	4 121 178
		069 Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	2 044 943
		086 Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	2 076 235
	285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	1 461 643
		006 Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	1 071 792
		007 Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	389 851
4		Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	6 447 045
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	334 641
		043 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	334 641
	261	Облыстың білім басқармасы	6 083 388

		024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	6 083 388
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	29 016
		099	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	29 016
5			Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	753 871
	120		Облыс әкімінің аппараты	27 708
		019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	27 708
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	9 575
		003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	9 575
	261		Облыстың білім басқармасы	716 588
		052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	716 588
6			Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру	293 760
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	72 794
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	72 794
	261		Облыстың білім басқармасы	220 966
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	220 966
9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	3 926 415
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	43 172
		034	Денсаулық сақтау жүйесіндегі мемлекеттік білім беру ұйымдарының күрделі шығыстары	43 172
	261		Облыстың білім басқармасы	3 883 243
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	98 392
		004	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	59 392
		005	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	141 499
		007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	95 552
		011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	377 579
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 667
		029	Әдістемелік жұмыс	63 170
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	143 710
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 901 282
05			Денсаулық сақтау	3 749 664

2		Халықтың денсаулығын қорғау	414 680
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	376 672
		006 Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	86 209
		007 Салауатты өмір салтын насихаттау	87 958
		041 Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қосымша қамтамасыз ету	202 505
		042 Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу	0
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	38 008
		038 Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	38 008
3		Мамандандырылған медициналық көмек	948 545
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	948 545
		027 Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	948 545
4		Емханалар	8 019
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	8 019
		039 Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін көмекті қоспағанда ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық-емханалық қызметтерді және медициналық қызметтерді көрсетуі және Call-орталықтардың қызмет көрсетуі	8 019
5		Медициналық көмектің басқа түрлері	38 423
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	38 423
		029 Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	38 423
9		Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	2 339 997
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	2 339 997
		001 Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	125 287
		008 Қазақстан Республикасында ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	108 295
		016 Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	144 576
		018 Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	28 494
		023 Ауылдық жерлерге жұмыс істеуге жіберілген медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	37 500
		033 Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	1 895 845
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	12 220 482
	1	Әлеуметтік қамсыздандыру	8 839 568
	256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	8 553 514

		002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	900 743
		013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	811 274
		015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	347 743
		049	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	6 374 405
		056	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	119 349
	261		Облыстың білім басқармасы	279 773
		015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	279 773
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	6 281
		039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	6 281
2			Әлеуметтік көмек	371 524
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	371 524
		003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау	362 576
		055	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	8 948
9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	3 009 390
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	2 918 860
		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	145 769
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 505
		017	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	3 670
		018	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	1 802
		019	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға бағытталған, ағымдағы іс-шараларды іске асыру	1 953
		037	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға бағытталған іс-шараларды іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 350 547

		044	Жергілікті деңгейде көші-кон іс-шараларын іске асыру	3 012
		045	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	290 607
		046	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	6 107
		053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	17 220
		054	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	38 999
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	50 669
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	28 114
		077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	28 114
	268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	779
		045	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	779
	270		Облыстың еңбек инспекциясы бойынша басқармасы	61 637
		001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынасын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	61 637
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	16 866 180
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	8 395 679
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	8 395 679
		014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	4 723 674
		027	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	2 818 134
		140	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне аз қамтылған көп балалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	853 871
	2		Коммуналдық шаруашылық	8 401 285
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	4 586 873
		030	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	25 191
		058	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	4 561 682

	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	3 814 412
	001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	89 844
	004	Елді мекендерді газдандыру	1 109 551
	010	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	593 222
	032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	1 000 427
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	806 267
	114	Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері	88 769
	129	Түркістан облысы Арыс қаласындағы төтенше жағдайлардың салдарын жою бойынша ағымдағы іс-шаралар өткізу	126 332
3		Елді-мекендерді көркейту	69 216
	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	69 216
	041	Профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда)	69 216
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	6 546 083
1		Мәдениет саласындағы қызмет	1 841 374
	262	Облыстың мәдениет басқармасы	1 799 454
	001	Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	61 934
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	397 933
	004	Мемлекет қайраткерлерін мәңгі есте сақтау	249 750
	005	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	424 435
	007	Театр және музыка өнерін қолдау	636 356
	011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	758
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	28 288
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	41 920
	016	Мәдениет объектілерін дамыту	41 920
2		Спорт	3 134 496
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	951 318
	017	Спорт объектілерін дамыту	951 318
	285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	2 183 178
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	57 671

		002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	73 244
		003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	1 813 622
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	238 641
3			Ақпараттық кеңістік	1 162 607
	262		Облыстың мәдениет басқармасы	246 614
		008	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	246 614
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	410 115
		007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	410 115
	264		Облыстың тілдерді дамыту басқармасы	126 392
